

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

Жазбаша емтихан: Жобалық жұмыс Moodle ҚОЖ-де өткізіледі.

Емтихан форматы – қашықтықтан.

Жоба – бұл ұзақ уақыт бойы жүргізілетін өзіндік оқу жұмысы. Емтихан түрі барлық мамандықтарға сәйкес келеді. Жоба студенттердің алған білімдерін практикалық есептер мен мәселелерді шешу барысында дербес қолдана білудің, ақпараттық кеңістікте бағдарланудың және аналитикалық, зерттеушілік, практикалық және шығармашылық ойлаудың қалыптасу деңгейіне баға беруге мүмкіндік береді.

Емтихан ұзақтығы – емтихан кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жобалық жұмыстарын немесе шығармашылық тапсырманы тапсыруға орта есеппен 2-3 сағат бөлінуі мүмкін. Яғни, сіз бөлген уақытта студенттер жұмысты жүйеге жүктеуі керек. Уақыт өткеннен кейін студент файлдарды жібере алмайды.

Ортақ чатта студенттерге жоба тақырыптары қай жүйеде жүктелгені туралы хабарлаңыз. Қатысушылар бір-біріне платформалар арқылы (Microsoft Teams, Cisco Webex корпоративті қосылулар ұсынылады, техникалық ақаулар болған жағдайда – Skype, ZOOM және т.б.) қоңырау шалып талқылаулар өткізіп, тапсырмаларды бірлесіп орындау туралы бейнежазба жасай алады. Оқытушы тағайындаған студент-ұйымдастырушы гиперсілтеме түрінде Moodle ҚОЖ-сі арқылы қорытынды жобамен қоса 2 бейнежазбадан кем емес топтың талқылауларын ұйымдастырып, жазып жіберу керек.

Егер жұмыс жеке орындалса, бейнежазба қажет емес.

Өткізілген емтихан нәтижесінде, оқытушы жүйеде студенттен: 1) егер бірлескен жұмыс болса, конференциялардың бейнежазбасын (оны сіз тағайындаған видеоконференция ұйымдастырушысы жібереді), 2) құжат түріндегі аяқталған жоба немес шығармашылық жұмыс. Әр студенттен.

МАҢЫЗДЫ. Емтихан жұмысын түпнұсқалыққа тексеру. Антиплагиат.ру сервисі ең кең таралған мәтіндік файл форматтарын қолдайды: PDF (мәтіндік қабаты бар), TXT, HTML, HTM, DOCX, RTF, ODT, PPT, PPTX. Жүктелген файлдың өлшемі 100 МБ-тан аспауы керек. Студенттер файлдарды осы форматтарда сақтауға мүмкіндік беретін кез-келген бағдарламаны қолдана алады. Мысалы, Notepad, PowerPoint, OpenOffice. Қажет болса, параметрлерде форматтар мен файл өлшемдерін шектей аласыз.

Тексеру нәтижесінде, оқытушы емтихан қатысушыларын бағалайды. Жоба немесе шығармашылық тапсырма түрінде өткізілетін емтиханға арналған аттестаттау ведомостіндегі балл қою уақыты - 96 сағатқа дейін.

3. Тексеру нәтижесінде, оқытушы емтихан қатысушыларын аттестаттайды.

Сонымен

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.
2. Студенттер мен оқытушылар емтиханның күні мен уақытын алдын-ала білу керек.
3. Емтиханның өткізілу мерзімін кестеге сәйкес белгіленеді.
4. 30 минут бұрын, студенттерге емтихан басталатынын еске салып, дедлайн туралы ескертіледі
5. Түпнұсқалықты тексеру – міндетті шарт болып табылады.
6. Студенттердің өтініші бойынша мерзімдерді өзгертуге тыйым салынады.

Жүйе өзгерістерді жазып алады.

Жобалық жұмыс тақырыбы: Write your own research article on one of themes by IMRAD structure.

- 1. Teaching English at primary school.**
- 2. Teaching reading at secondary school.**
- 3. Difficulties of teaching foreign language.**